



Отты жылдар жаңғырығы

2



Шаруасы оңды, малы қонды

2



Отбасылық бизнестегі оң қадамдар

3



Дінмұхамед Қонаевты еске алды

4

■ ПРЕЗИДЕНТ

Орталық Азияның жаһандық геосаясаттағы рөлі арта түседі



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

18 ақпан, СЕЙСЕНБІ 2020 ЖЫЛ



№25 (19901)

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Германияға жұмыс сапарымен барды. Сапар Германияның ірі компания басшыларымен екіжақты кездесулер өткізуден басталды.

Мемлекет басшысы қауіпсіздік жөніндегі 56-шы Мюнхен конференциясы аясында Канаданың Премьер-Министрі Джастин Трюдомен, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Бас хатшысы Хосе Анхел Гурриаман, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры Тедрос Адхан Гебрейесуспен, Халықаралық Қызыл Крест комитетінің президенті Петер Маурермен кездесу өткізді.

Президент Мюнхен конференциясының ресми ашылу рәсіміне қатысты. Рәсім барысында қауіпсіздік жөніндегі Мюнхен конференциясының төрағасы Вольфганг Ишингер, Германия Президенті Франк-Вальтер Штайнмайер және Франция Президенті Эмманюэль Макрон сөз сөйледі.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Мюнхенге жасаған жұмыс сапары барысында Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевпен, Кувейттің Премьер-Министрі шейх Сабах Халид әл-Хамад ас-Сабахпен, белгілі америкалық сарапшы, «Eurasia Group» зерттеу және консалтинг компаниясының негізін қалаушы Ян Бреммермен, Ауғанстан Президенті Ашраф Ганимен, «Siemens AG» компаниясының атқарушы директоры Джо Кэмермен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қауіпсіздік жөніндегі Мюнхен конференциясында Орталық Азиядағы ахуалды талқылауға қатысты. Конференциясының панельдік сессиясында «Географиялық орналасудың маңызы: Орталық Азия туралы әңгіме» тақырыбында сөз сөйледі.

Ис-шара қызу пікірталас форматында өтті. Спикерлер модератордың сұрақтарына жауап беріп, Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ойларын ортаға салды.

Мемлекет басшысы өңірдің алатын орны туралы айта келе, Орталық Азияның жаһандық геосаясаттағы рөлі арта түсетінін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев форумға қатысушыларға Қазақстанның сыртқы саяси басымдығы және еліміздің Ресеймен, Қытаймен, Еуроодақпен, АҚШ-пен, сондай-ақ, Ауғанстанмен өзара қарым-қатынастары туралы әңгімеленді.

Өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі арнайы тақырып ретінде талқыланды. Мемлекет басшысы есірткі тасымалына қарсы күрес жөніндегі шараларға, Қазақстанның терроризмге қарсы іс-қимылдарға қосқан үлесіне, «Жусан», «Руссаф» операцияларының қорытындыларына егжей-тегжейлі тоқталды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев жыйынға қатысушыларға өзінің президенттігінің басымдықтары, еліміздегі саяси және экономикалық реформалардың негізгі бағыттары туралы айтып берді. Осы ретте Президент экономикалық арттапандырудың, инновациялар мен цифрландыруды дамыту үшін аса маңызды екеніне назар аударды.

АЛУАН-АЛУАН КӘСІП БАР, ТАҢДАЙ БІЛ ДЕ, ТАЛАП ҚЫЛ!

Өткен жыл шағын және орта бизнесті дамытуда жемісті болды. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілер мен кәсіпкерлікпен айналысатын халық саны артып, шағын және орта бизнесті түсетін салық көлемі өскен. Жұртшылық «Еңбек», «Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнестің жол картасы-2020», тағы басқа мемлекеттік бағдарламалар ұсынған мүмкіндіктерді тиімді пайдалануда. Қаржы институттары кәсібін бастағандардың да, дамытып, өркендеткендердің де меселін қайтарып жатқан жоқ. Бір анығы – талап қылғанға жол көрсететін, демеу болатын жүйе, яғни кәсіпкерлікті

қолдау біртіндеп жетілдіріліп келеді. Бұл өрайда Қызылорда облысының оңды бастамалары нәтиже көрсете білді. Шағын бизнесті тексеруге жарияланған мораторий, қайтарымсыз гранттар, проценті төмен несиелер, субсидиялар іскер азаматтарды кәсібін кеңейтуге ынталандырып отыр.

Аудандардағы игі бастамалардың алғашқы қадамына, ісі жолға қойылған іргелі шаруашылықтардағы тындырымды тірлікке өткен аптада қызылордалық БАҚ өкілдері куә болып, ой сарабына салған еді. Бұл туралы 2,3-беттерде толығырақ баяндалады.

ПАРАСАТТЫЛЫҚ – ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМҒА ҚАДАМ

Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жаңындағы республикалық ақпараттық-ағартушылық штаб облыс активімен кездесті. Оған облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов қатысты.

Нәзкерке САНИЯЗОВА.

Штаб халықпен сындарлы диалог құру және кеңейтілген ақпараттық іс-шаралар арқылы парасаттылық қағидаларын дамыту мақсатында құрылды. Агенттік бастамасына күйкес, облыс әкімінің қолдауымен тұрмыстық жемқорлықты жою мен оның алдын алу бағытында «Ақмешіт – алалдық алаңы» жобалық кенесі аясында біршама жұмыс атқарылып келеді.

Өткен жылдың соңында «Open Space» форматындағы «Antiko» орталығы ашылды. Бұл ашық кеңістікке өту, мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты нығайту, мемлекеттік мекемелердің халық үшін қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді, – деді аймақ басшысы.

Кездесуде штаб төрайымы Ырза Тұрсынұлы көпшілікті парасатты, адал әрі әділ болуға, қоғам арасында ежелден қалыптасқан құндылықтарды сақтауға шақырды. Агенттіктің ресми өкілі Арман Бердалин штаб құрамында бірде-бір мемлекеттік қызметші жоқ, барлығы қоғам белсенділері екенін атап өтті.

Азаматтар мен мемлекеттік институттарды сыбайлас жемқорлықтан қорғайтын ашық, кәсіби және тиімді мемлекеттік орган болу үшін аянбай жұмыс істеп, барлық күш-жігерді салу қажет, – деді ол.

■ АЙТЫС

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛАҒАТЫ

Ел тарихының алтын дәуірі – «Алтын орданың» 750 жылдығы мен қазақ сөз өнерінің асқақ тұлғасы хакім Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған республикалық ақындар айтысы елорда төрінен бастау алған болатын. Осынау дәстүрлі шара кеше сүлейлер мекені – Сыр елінде жалғасын тапты. «Ұлы даланың ұлағаты» атты салтанатты шараны қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сөз сөйлеп ашты.

Газиза ӘБІЛДА.

– Ежелден өзінің тарихи-мәдени құндылықтарымен ерекшеленетін Тұранның төрі, Сырдың елі – жырдың елі. Алаштың анасы. Сондықтан осынау рухани маңызды шараның Сыр елінде өтуі тектен-тек емес. Айталық, билығы жыл айтулы шараларға толы болғалы тұр. Ұлан-ғайыр жерімзді ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдырған батыр бабаларымыздың аңызға бергісіз ерлігін әлемге паш етіп, тарихымыздың алтын дәуірі – Алтын орданың 750 жылдығы, әлемнің ұлы ұстазы Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы, Ұлы Абайдың 175 жылдығы елімізде ерекше салтанатпен аталып өтуде. Бұл шаралардың мақсаты – өткеннің өнегесін



жаңғыртып, жас ұрпақ жадына ұялату, – деді Н.Нәлібаев.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ауқымды тақырыптарды арқау еткен аламан айтысында алғашқы жұбы – белгілі ақындар Бекарыс Шойбеков пен Нұрмат Мансұров болды. Нұрмат ақынның «Тақиясын тақ қылып, Сырдың елі, төбесіне көтерген тұлғаларын» деген сөзі жыркерлер қауымды бір желпініп тастады. Айтыстың екінші жұбын тараздық Дидар Арпақов пен жерлесіміз Бексұлтан Орынбасаров сияқты жас ақындар жалғады. Жас та болса орамды ойларының кей тұсында ойып алар түйінді шумдақтар туындап жатты. Аламанның көрігін қыздырған

Рүстем Қайыртайұлы мен Ерженіс Әбдиев болды. Аспай, таспай, салқалы сөз саптапайтын Рүстем ақын мен ширақ ойлы, шалт сөзді Ерженістің айтысында тақырып аясы кеңінен тарқатылып, мәнді де мазмұнды ойлар ортаға салынды. Мысалы, Рүстем Қайыртайұлының:

Ыстық күнге мандайын сүйдірген ел,
Ыстық құмға табанын күйдірген ел.
Қара жердің бауырын еңбек етіп,
Қара жердің бауырын идірген ел, – деген шумағы адал еңбекпен абыройы аспандаған аймақ жұртына деген шынайы баға екені даусыз. Сондай-ақ, Дидар Хамиевтің:

«Ананың құшағындай жылылықты,

Бар қазақ сезінеді саған келіп», – деген ыстық ықыласы да Сыр топырағының қадір-қасиетін арттыра түскендей...

Айтысты Сырдың санлақ ақыны, «Алтын домбыраның» екі дүркін жеңімпазы, күні кеше астанада өткен айтыстың бас жүлдесін иеленген Мұхтар Ниязов жүргізді.

Айтысқа «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Парасат» орденінің иегері, профессор Алмасбек Алматы, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағы елорда филиалының директоры

Дәулеткерей Кәпұлы және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Дүйсенбек Аяшұлы қазылық жасады.

Айтыс қорытындысымен бас жүлдені Абай туған топырақтан келген айтулы ақын, «Алтын домбыра» иегері Рүстем Қайыртайұлы жеңіп алса, бірінші орынды жерлесіміз, талантты ақын, ұстаз Ерженіс Әбдиев еншіледі. Екінші орынды Дидар Хамиев, үшінші орынды Бекарыс Шойбеков иеленді.

Айтыстың бас жүлдесін иеленген Рүстем Қайыртайұлы: – Абайды тану, Абайды ұлықтау – күллі қазақты әлемге таныту. Ұлы даланың ұранын

көкке көтеру. Абай теңіз десек, бүгінгі айтыста біз сол теңіздің тамшысындай толғақты ой айта алсақ, соның өзі олжа. Абай айтқан ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі толық адам болып қалыптаса алсақ, «Мәңгілік елге» айналармыз хақ, – деп өз толқынысын жеткізді.

Қазылар алқасының төрағасы Алмасбек Алматыв қазақ-танып айтыс өнері мәдениетіміз бен тарихымыздың алтын арқауындай бүгінгі XXI ғасырға жетіп отырғанын айтып, төл өнеріміздің төрге шығуына тер төгіп жүрген сөз зергерлері – айтыскерлердің үлкен деңгейге көтерілгенін сүбелі сөзге арқау етті.

Суретті түсірген Нұрболан НҰРЖАҒЫБАЙ.

■ ЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ

Өзбекстан өз жастарын шақырып жатыр

Өзбекстан жоғары оқу орындарында өз азаматтары үшін квота мен гранттардың санын көбейтті. Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі өзбек студенттерінің елден жаппай кетуінің себебін атады, – деп хабарлайды zakon.kz.

Бұған дейін шетелдік БАҚ өзбек билігі Орталық Азияда жоғары оқу орындарында оқып жүрген студенттерін кері елге қайтуға үндегенін хабарлаған. Министрліктің ресми өкілі Айбек Смадияровтың айтуынша, бұл – білім беру жүйесіндегі реформамен байланысты

қабылданған шешім.

– Бізге өзбек тарапынан ресми хабарлама келіп түсті. Қазір өзбекстан шет елде, негізінен Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанда оқып жатқан жастары үшін өз елінде білімін жалғастыруға жағдай жасап, оларды кері шақырып жатыр. Өзбекстан



жоғары оқу орындарында өз азаматтары үшін квота мен гранттардың санын көбейтті, – деді ол.

Сау бол, сынақ кітапшасы!

Университеттегі қағаз сынақ кітапшалары алынып тасталды, – деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі. Бұл туралы Білім және ғылым министрлігі мәлімдеді.

«Студенттердің, магистранттар мен докторанттардың сынақ кітапшаларын алып тастау бойынша бұйрық әзірленді. Бұл оқу үрдісін жеңілдетіп, бюрократияны айтарлықтай төмендетеді. Бүгінгі күні отандық ЖОО ақпараттық

жүйесінде, кейін транскрипте белгіленетін, студенттердің, магистранттар мен докторанттардың оқу жетістіктерінің тарихи деректері жүргізіліп жатады. Транскрипт студенттің сұранысы бойынша оқудың кез келген кезеңінде беріледі. Бұл



жаңалық 604 345 студент, 35 690 магистрант және 6 363 докторантқа қатысты», – делінген хабарламада.

ОТТЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ



Биыл Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 31 жыл толды. Нақтырақ айтқанда, 1989 жылы 15 ақпанда Ауғанстаннан соңғы Кеңес әскерлерінің әкетілуі аяқталған еді.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Бас-аяғы 110 айға созылған соғыс қанша жауынгердің өмірін қиып кетті, қаншамасы мүгедек болып елге оралды. Деректер бойынша, Қазақстаннан Ауған соғысына 22 мыңнан астам жауынгер барған. Оның ішінде 800-ден астамы облыстан аттанса, 18 азамат соғыс даласында қаза тапқан еді.

Жылдағы дәстүрге сай Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылған күніне орай еске алу шарасы өтеді. Осы үрдіспен өткен сенбіде «Ауған. Сөнген шоқ, өшкен арман...» атты еске алу митингісі ұйымдастырылды. Шараға арнайы қатысқан облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов әр дәуірде адамзатты дүр сілкіндіріп, қаншама жандардың өмірін қиып өткен соғыс болғанын, ал оны өскелең ұрпақ ұмытпай, ерлікті үлгі ететінін ерекше толқыныспен жеткізді. Айта кету керек, Ауған жерінде әскери борышын адал атқарып, сол отты жылдардың куәсі болған жерлер қатарында аймақ басшысы Қуанышбек Досмайыұлы да бар.

— Құрметті қаруластар! «Батырлық — табиғаттың сыйы емес, бұл — патриоттық борышынды орындау үшін

қауіпке қарсы баруға өзіңді-өзің саналы түрде көндірудің нәтижесі» деген Бауыржан Момышұлының сөзі бар. Сондықтан да дана халқымыз: «Батыр өлмейді, мерт болады» деп айтады. Ауған соғысында 50-ден аса азаматымыз мемлекеттік «Қызыл жұлдыз» ордені және «Ерлігі үшін», медальдармен марапатталды. Бүгін — батыр бабаларымыздың рухы қолдаған, ерлігі мен өрлігін қайталаған сіздер сияқты айбынды жауынгерлердің күні. Сіздер Ауған жеріндегі халықтың бейбіт өмірін қорғауға қатысып, азаматтық борыштарыңызды асқақ абыроймен атқардыңыздар. Ендігі жерде елімізде ынтымақ пен бірлік, тыныштық болсын деп тілеймін, — деп облыс әкімі.

Мұнан кейін Ауған соғысы ардагерлері облыстық кеңесінің төрағасы Хайрадин Баймаханов сөз сөйлеп, он жылға жуықтаған қасіретті жылдарды ұмыт қалдырмай, ерліктері бүгінгі ұрпаққа аманаттап, құрмет көрсетіліп жатқанына алғыс білдірді. Шарада қаза тапқан сарбаздардың рухына құран бағышталып, гүл шұқтары қойылды.



Осы күні Евразия спорт кешенінде Ауған соғысы ардагерлерінің құрметіне арналған армиялық қойын-қолтық ұрысынан сайыс өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Н.Байқадамов қатысты. Қызылорда гарнизоны бастығының кубогін сарапқа салған күштік құрылымдар мен құқық қорғау органдарын 11 команда сынға түсіп, 100-ден аса спортшы бақ сынасты. Қорытындысында Жамбыл және Түркістан облысынан келген командалардан үстем болып, 1 орынды қаладағы №66597 әскери бөлімі жеңіп, арнайы кубокқа ие болды.

САПАР

АЛУАН-АЛУАН КӘСІП БАР, ЖІГЕРЛІ ЖАСТАР ЖЕТЕРЛІК

АРА.Л. Еліміз бен шет мемлекеттерге балық өндірісімен танымал болған Арал халқы басқа да кәсіптердің көзін тапқан. Соңғы кездері ауданда пластикалық есіктерге дайындау, жиһаз жасау, тігін шеберханасы тәрізді кәсіптер өркендеп келеді. Оған қоса, сауда-саттық саласында да әжептәуір ілгерілеушілік байқалады.

— Қаңтар айындағы есеп бойынша тіркелген кәсіпкерлік нысанның саны төрт мыңнан асты. Өткен жылы бұл көрсеткіш 3600-ден астам еді. Соған қарап бытырғы жұмыстың қарқын байқауға болады. Тағы бір айта кетерлігі, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы мал шаруашылығын дамыту үшін құны 163 млн теңге болатын 55 жоба қаржыландырылды. Бұл жобалар ауданның барлық елді мекендерінде жүзеге асып жатыр. Өткен жылдың ең ірі жобаларының бірі — «Sulrak» тұрмыстық заттар дүкенінің ашылуы. Аудан халқы енді тұрмыстық техника алу үшін облыс орталығына ат артып бармайтын болды. Сауда үйінде ауданның 36 адам тұрақты жұмыс істеп жатыр, — дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бас маманы Сержан Әуесов.

істейді. Әрлеу, сәндеуге қатысты барлық қызметті көрсетеміз. Өзім осы жұмыспен 23 жасымнан айналысамын. 252 мың теңге қайтарымсыз грантка қол жеткіздім. Бұл қаражатқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алдым. Келушілер қатары күн сайын артып жатыр. Демек, сұранысқа ие кәсіп. Осындағы қыздар өз арамьздан біреуімізді алты айда бір мәрте тәжірибе жинақтауға жіберіп тұрамыз. Астана, Алматы тәрізді үлкен қалалардағы салондармен байланыстамыз, — дейді Ә.Жарылқасынова.

Заманауи ғимараттың иесі — Мақсұт Аязбаев. Ол өз қаражаты есебінен 5 млн теңгеге шапшаңдатып қолайлы нысан салыпты. Бүгінде сулулық салонында кісі аяғы арылмайды. Мамандар кәсіптің көзін таптық деп қуанып отыр.

КОФЕ БҰРЫШЫ

Арал жастарында тың идея жетерлік. Аудан тұрғыны Нұрғалап Нұрханұлы «Arzan market» дисконт орталығында кофе даярлау бұрышын ашты. Ақтөбедегі жоғары оқу орындарының бірінде оқыған оған бұл идея студент кезінде келіпті. Оның «осы жобаны туған жеріме жүзеге асырамын» деген мақсаты орындалды. Өзі де бұрын-соңды бариста қызметінде болыпты. Бытыр мемлекеттік бағдарлама арқылы 505 мың теңге қайтарымсыз қаржы иеленіп, арнайы құрылыс сатып алды.

— Жобаны толық іске асыруға 800 мың теңгедей қаражат кетті. Мұнда кофеңің 6 түрін дайындаймын. Бағасы 250-450 теңге аралығында. Енді ғана ашып жатырмын.

«AISANA» — БІРІККЕН ЖОБАЛАР ЖЕМІСІ

Аудан орталығында орналасқан «AISANA» сулулық салоны арулардың бас қосатын орынына айналған. Тың идеяларын ортаға салған бәйбішектері бірігіп отырып, ғимаратты жалға алды. Сулулық салоны көрсететін қызметтердің қыр-сырын зерттеп, әрқайсысы әр түрін меңгеріп алды. Мәселен, Әңгірім Жарылқасынова — визажист. Оны арнайы іздеп келетіндер бар. Ол — ғимаратты жалға алып отырған қыздардың топ жетекшісі.

— Сулулық салонын қыздардың қызығушылығымен аштық. Мұнда тоғыз қыз жұмыс



ШАРУАСЫ ОҢДЫ, МАЛЫ ҚОҢДЫ

ҚАЗАЛЫ. Аудан кәсіпкерлік саласы бойынша аймақта алдыңғы қатарда келеді. Өткен жылы қаржы айналымы 14 млрд теңгеге жеткен. Тек қана мал шаруашылығына қатысты субсидия көлемі — 1 млрд 100 млн теңге. Бұл — ауыз толтырып айтарлық жетістік. Бүгінде тіркелген 4 494 кәсіпкерлік субъектісінің 4300-ден астамы белсенді жұмыс істеп тұр.

— Өткен жылдың 9 айында ауданда 11,4 млрд теңгенің оны өндірілді. Бұл — шағын және орта бизнес нысандарына қатысты ақпарат. Ауданның 7 977 тұрғыны осы нысандарда тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал өңірде өнеркәсіпінде бытыр 11 млрд 718 млн теңгенің өнімін шығарды. Сауда айналымы 7 млрд 546,6 млн теңгеге жетті, — деп аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Ақтөлеу Бөрікұлаков.

Халықтың жеке кәсіппен айналысуына барлық жағдай жасалған. Аудан әкімдігі ғимаратындағы «Open Space» кеңес беру бөлмесі — осы сөзіміздің дәлелі. Мұнда аудан тұрғындарының барлық мәселесі шешімін табады десек, артық айтқандық емес. Жер қатынастары, архитектура, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер салаларында сауалдары бар жұртшылық осы бөлмеге бас сұғады. Мұнда барлық саланың маманы отыр.

— Халықтың жан-жаққа сабылып жүрмей, мәселесін бір жерден шешіп кетуіне зор мүмкіндік. Мәселен, жер телімінің құжатын рәсімдейтіндер өзгерте, автотұраққа жер сұрау тәрізді жұмыстармен келеді. Басым көпшілігі — кәсіпкерлер. Барлық саланы бір

жерге осылай біріктіріп отырмыз. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлің не болмаса жеке адамның алынған шығатын келерге тосқауыл. Бытыр жанадан 18 кәсіпкерлік нысаны тіркелсе, был 20-сын тіркеліміз де деп отырмыз. Кәсіпкерліктің дамуына осындай жаңашылдықтардың мол әсері бар. Өткен жылы 506 азаматтан 156,1 млн теңге салық түсті, — деп А.Бөрікұлаков.

ТЕМІРБЕТОН ЗАУЫТЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Аудандағы темірбетон зауытының тарихы 1978 жылдан басталады. Алғашқы жылдары Батыс темір жол құрамында болып, қажетті құрылыс заттарын дайындаған. Бүгінде зауыттың қайта құрылып, бойына қан жүгіруіне «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» күре жолы зор септігін тигізді. Үй құрылысына қажетті құрылыс заттарынан бөлек жолға, көпірге қажетті бұйымдар шығаруды бастады. Өткен жылы пайдалануға берілген «Әлсейіт» көпіріне қажетті барлық жабдықты осы зауыт өндірді.

МАЛ БАСЫ ӨСІП КЕЛЕДІ

Аймақта аты танымал «Сыр маржаны» ЖШС егіннен бөлек, мал шаруашылығын да қолға алған. Бүгінде серіктестік құрамында 300 басқа арналған мал бордақлау алаңы жұмыс істейді. Әдепкіде 500 басқа лайықталған алаң қазір 3 мың бас ірі қараны бір мезетте қабылдай алады.

— Қазір 700 бас мал тұр. Жергілікті халықтан, шаруашылықтардан асылтұқымды бұқашық сатып аламыз. 1 жасқа дейінгі бұқашықтарды 230 келі салмақпен алып, 3 айда 430 келден кем қылмай бордақлаймыз. Оған қоса, Қызылорда қаласындағы Талсуат елді мекенінен 15 гектар

жер алып, ет комбинатын салып жатырмыз. «Байқоңыр» ӨҚК-мен бірлескен жоба. Құны — 1,5 млрд теңге. Осы жылдың аяғы немесе келер жылдың басында іске қоспақпыз. Онда 5 түрлі ет өнімі өндірілмек, — деп «Сыр маржаны» ЖШС директорының орынбасары Талайлы Бөрікұлаков.

ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ ОРТАҚ

Қазалы қаласының тұрғыны Мейрамбек Нұғманов 5 жылдан бері жиһаз жасаумен айналысады. Қолынан түрлі туынды жарыққа шыққан шебердің өнері кәсіпке ұласты. Бүгінде Арал, Қазалы аудандарымен қатар Сексеуіл кентіне де өнімін өткізіп жүр.

— Өуелі өз қаражатыма шағын станок сатып алғанмын. Сонымен кәсіпті бастадым. Кейін оны дамыту үшін «Даму» қоры арқылы «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасымен 5 млн теңге жеңілдетілген несие алдым. Нәтижесінде жиһазды дайындау ғимаратын салдым, бояу шехан дайындадым және бірнеше станок

сатып алдым. Тапсырыс жақсы, кейде тіпті үлгермей жатамыз. Қазір бес адам тұрақты жұмыс істейді, — дейді жеке кәсіпкер.

«ЭКСКЛЮЗИВ» — ҰЛТ ӨНЕРІНІҢ ЖАНАШЫРЫ

Шаруашылық өткен жылы Чехиядан 280 бас асылтұқымды ірі қара әкелген. Қашар кезінде келген сиырлар сәуір айында төлейді деген жоспар бар. Одан бөлек, Солтүстік Қазақстаннан әкелген 12 бас бұқа бар. Төлдің аналығын көбейтуге қалдырып, аналығын бордақлауға жөнелтеді. Бұл күнде шаруашылықта барлығы 170-тей адам жұмыс істейді.

— Бұрын үйден тігін жүретінбіз. Анам ісмерлігін кәдеге асырғысы келіп, көп ойланды. Бір шешімге келіп, көлемді несие алдық. «Даму» қоры несиемізді субсидиялап, жеңілдік жасады. Қазір анамын қарамағында жолдасым екеуміз дизайнер болып жұмыс істейміз, — дейді Эльмира Қаналыева.

Марат Нағашыбаев — осындағы ою-өрнектер мен көркемдеуші орнаменттердің авторы. Скандер арқылы аппаратқа енгізіп, матаның бетіне түсіреді. Лазерлі станок әп-сәтте қиялыңыздағы бейнені тәрізге қойып береді. Матаны Ташкент, Дубайдан әкелетін кәсіпкердің сауда орталығында заманауи үлгідегі жалғоздер де жасалады.

Қазалы ауданы.



ТАҢДАЙ БІЛ ДЕ, ТАЛАП ҚЫЛ!

ІСМЕРЛІК ІЛГЕРІЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ



орын иеленіп, облыс әкімінің Алғыс хаты және 1 млн теңге көлеміндегі грантын жеңіп алған.

ЖОСАЛЫДАҒЫ ЖИҒАЗ ЦЕХЫ

Қармақшыда «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 50 миллионға жуық теңгеге үш жоба қаржыландырылған. Оның ішінде Жосалы кентіндегі Жосалы кентінің тұрғыны Әміт Елубаевтың жиғаз цехы да бар. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, жастайынан ағаштан бұйымдар жасайтын ол осы салада ұзақ жылдар бойы қызмет етіп келеді. Занды түрде жеке кәсіп ашқалы 10 жылдан астам уақыт өтті. Бүгінде жоғарыда айтылған бағдарлама негізінде «Даму» қорынан 4 млн теңге жеңілдетілген несиелік ақша ашқан Әміт өзімен бірге 6 адамды жұмыспен қамтып отыр.

ТЕГІС КӨШЕ, ТҮРЛЕНГЕН ҒИМАРАТТАР

Быттыр Қармақшыда «Ауыл – ел бесігі» республикалық жобасы аясында көп жұмыстар атқарылыпты. Санамалап айтсақ, Жосалы кентінде 9 көше орташа жөндеуден өтіп, екі мектеп пен аграрлы-техникалық колледжге күрделі жөндеу жүргізілген. Сондай-ақ «Шипагер» емханасына ағымдағы жөндеу жұмыстары, ал «Жыраулар үйі» ғимараты толық күрделі жөндеуден өтті.

– Алғашында аудандық тұтынушылар одағында ағаш ұстасы болып еңбек еттім. Кейін нарыққа бейімделдім. Аудан тұрғындарынан ағаштан өсіктерезе, қол жуғыш, шөй үстеліне тапсырыстар алып, кәсібімді осылай біртіндеп кеңейткенмін. Тұрғындар тарапынан пластик өсік-терезелерге сұраныс көптеп келеді. Шаруа осылай басталды. Бүгін өздеріңіз қуа болғандай цех ашып, несиелік көмегімен станоктар алдыртты, түрлі үй жиһаздарын жасай бастадық, – дейді Әміт.

Кәсіпкердің айтуынша, кәсіп ашам дегендерге мемлекет тарапынан берілген мүмкіндік көп. Тек тәуекел етсе болғаны.

Қазір цехта ауданның алдыңғы қатарлы ұсталары жұмыс істейді. Айтпақшы, өзінің сапалы өніммен көпшілік алғысын жиі алатын Әміт Елубаев быттыр қазан айында облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Өзіңе сен баста!» атты мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлер форумына да қатысқан. Онда қармақшылық тігінші бірінші

кешек тігуде шағын кәсіпкерліктің орны бөлек болып тұр. Қармақшыда джинси матасынан түрлі сырт киімдер тігіп, кәсібін дөңгелентіп отырған Қайрат Мұсабековтың тігін цехында болдық. Мүмкіндігі шектеулі бола тұра, быттырдан бері жеке кәсіп ашып, «Еңбек» бағдарламасы аясында 1,5 млн теңге несиеленген. Өз үйінің ауласынан тігін цехын жабдықтап, бес тігін машинасын сатып алыпты.

– Жігіт болып, әскерге бармай тұрып осындай ісмерлікті үйренгем. Кейіннен басқа жұмыс істедім. Заман ағымна иілесіп осы цехты аштым, оған аудандағы жігіттер де қолдау көрсетті. Джинси материалынан ер адамдарға және балаларға жылы сырт киімдер тігемін, – дейді тігінші кәсіпкер.

Айтпақшы, Қайрат быттыр қазан айында облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Өзіңе сен баста!» атты мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлер форумына да қатысқан. Онда қармақшылық тігінші бірінші

ҚАРМАҚШЫ. Қорқыт баба жатқан Қармақшыға жол түсті. Қайтар жолда Жалағашты да көре кету жоспарымыз бар. Басты мақсат – мемлекет қамқорлығымен өз ісін көркейтіп, өнімін елге ұсынған кәсіп иелерінің қарқынды бағамдау. Мұнда нарыққа бейімделіп, шағын кәсіпін өрістеткен тұрғындар көбінесе, азайған емес. Біз танысқан жеке кәсіпкерлердің көбісі отбасылық бизнесті дамытуға күш салған.

Қармақшы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Еркебұлан Әбдікеремтің айтуынша, ауданда 3206 кәсіпкерлік субъектісі болса, оның ішіндегі жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлердің үлесі 90,5% құрайды.

– Аудан экономикасының негізгі бағыты – ауыл шаруашылығы саласы. Сондықтан іске асырылған жобалардың 80 проценти сол салаға байланысты. Ал қалғаны сауда, қызмет көрсету және өнеркәсіп саласындағы жобаларды құрайды. Биылғы басты мақсат – өндіріс, өңдеу өнеркәсібіне қатысты жобаларды іске асыруға басымдық беру. Біз барлық елді мекендегі өндіріс саласындағы жобалар-

ды іріктедік. Қазір осыларды қаржыландыру жұмыстары жүргізілуде, – дейді бөлім басшысы.

Быттыр Қармақшыда мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде 420 жоба қаржыландырылған. Оның ішінде 205 шағын кәсіпкерлікке 89 млн теңге грант қаражаты, 215 жобаға 923 млн теңге жеңілдетілген несиелер берілген. Ал кәсіпкерлік негіздері бойынша 675 адам оқу курстарынан өтті.

ТІГІНШІЛІК – ҮЛКЕН ӨНЕР

Шыны керек, елде жеңіл өнеркәсіп саласы еңсесін тіккен келеді. Оның ішінде киім-

ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕСТЕГІ ОҢ ҚАДАМДАР

ЖАЛАҒАШ. Сапар барысында Жалағашқа аялдадық. Мұнда өзі жас бола тұра, атакәсіпті жандандырғысы келетін бойжеткенмен таныстық. 23 жасар қалалық қыз Толғанай ауылға келіп, кәсіпкерлікке бет бұрған. Бүгінде мал санын өсіру мен оны асылдандыру жолында қызмет қылғысы келетіндерге қолдау көп. Жалағаштың тап іргесіндегі Ақсу ауылынан жер телімін алып, жылжымайтын мен ірі қара мал бордақылау алаңын тұрғызған Толғанайдың өзін тыңдап көрдік. Әуелгі мамандығы құрылысшы екен. Ендігі мақсаты – мал басын көбейтіп қана қоймай, ет өңдеу цехын іске қосу.

ЖЫЛЫЖАЙ ӨНІМІ

– Быттыр «Өңірлік инвестиция орталығы» арқылы 10 миллион теңге несиелендік. Қаржыны жылжымай салуға жұмсадық. Ол жоба үмітімізді ақтап, қиыр мен қызанақтан 2 тонна өнім шықты. Жұмысымыз біршама алға басуда. Екінші жобамыз – мал басын көбейту мақсатында «Аграрлық несиелік компания» арқылы 15 миллион теңге несиелік 75 бас аналық ірі қара сатып алдық. Өз қаражатымызбен алған асыл-тұқымды 3 бұқа да бар. Қосымша жылқы да өсіреміз. Талап қыламын деген адамға мемлекет

тарапынан қолдау көп. Қолдау арқасында кәсіпті кеңейтіп, мал басын көбейтуге жұмыс істеудеміз, – дейді ол.

Кәсіпкер қызға көбіне-көп бауырлары қолғабыс тигізеді. Оның ынтасы бізді сүйсінтті. Жылжымайдан бөлек, 1000 басқа дейінгі ірі бордақылау алаңын тұрғызып, жем-шөп қоймаларын салып бітірген Толғанай биыл ет өңдеу цехы, мал сою орнының құрылысын аяқтамақ. Тіпті, осы кәсіппен жүріп қосымша идеялар пайда болғанын айтады.

– Осыншама құрылыс жүргізігенімізде облыс орталығынан кіріш тасыдық. Бұл бізге тасымалдау жағынан тым қымбатқа түсті. Бұйырса, осы жоспарларды толық іске асырғасын кіріш

зауытын салу ойда бар. Бұл аудан халқына да тиімді болар еді, – дейді Толғанай Жұмабекқызы.

БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛҒАН БИЗНЕС

Жалағаштағы кент орталығында «Балнұр» балабақшасы жұмыс істейді. «Бизнестің жол картасы-2020» негізінде «Даму» қорынан қомақты қаржы алған Айгерім Айнабаева 65 балаға арналған жеке балабақша ашқан. Мұнда ән, би, таэквандо үйірмелері, логопедия орталығы жұмыс істейді.

– 10 жыл мектепте бастауыш сыныптарға сабақ бергенмін. Осы жұмысқа неге тәуекел етпеске деген ой келді. Осылай-

тарапынан қолдау көп. Қолдау арқасында кәсіпті кеңейтіп, мал басын көбейтуге жұмыс істеудеміз, – дейді ол.

Бүгінде «қарап жатпағанның қармағы қабатының» көпшілік түсінген. Аудандарды аралап жүргенде байқағанымыз осы. Сауда-саттықтан гөрі белгілі бір кәсіптің түрімен айналысуға ден қойғандардың қатары қалып. Тәуекелді ту еткендердің мақсатқа жету жолындағы еңбегі елге үлгі етуге тұрарлық. Бұл сапар осыны айғақтап берді. Ал, мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке қатысты оң ұсыныстар мен қолдауларды мүлт жібермей, халыққа кеңінен түсіндірме жұмысын жүргізетін аудандардағы кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің қызметкерлері «өз ісін бастаймын деушілерді қолдауға қашанда дайынбыз» дейді.

ша мемлекеттік қолдаумен 11 миллион теңге қаражат алып, быттыр наурыз айында балабақша аштық. 18 адам жұмыспен қамтылды. Мұнда екі топта 50 бала тәрбиеленуде, – дейді ол.

Кәсіпкерлікке мектеп жасынан құмар болған Айгерім бұған дейін де түрлі бизнес жобаларға қатысып келген. Мемлекеттің «Балапан» бағдарламасының тиімділігін түсінген ол алдағы жоспарларымен де бөлісті.

– Менің бір жылдан бері зерттеп келе жатқан жобам бар. Ол жеке мектеп ашу туралы. Бұйырса, қыркүйек айында жүзеге асырмақпыз. Аудан әкімдігі қолдау көрсетуде. Әуелі 60 балаға арналған бастауыш сыныптар ашатын боламыз, – дейді педагог кәсіпкер.

Айтпақшы, осында тәрбиеленуші 50 бұдлірші болса, 10

бала Айгерімнің анасы Салтанаттың демеушілігімен тегін келетін. Өу баста шағын асхана ашып, сауда саласын меңгерген Салтанат Айнабаева – «Балнұр» балабақшасының құрылтайшысы. Сондай-ақ «Айгерім» шағын маркеті мен құрылыс заттары дүкенінің иесі.

– 2003 жылы асхана аштық. Содан бері отбасымызбен кәсіпкерлік тізгінін ұстап келеміз. Асхана мейрамханаға айналды. Одан дүкен, балабақша жұмыстарын қолға алдық. Балаларыма кәсіптен бөлек, елге қамқор болу, көмек беру жағын үнемі айтып келемін. Жылда тұрмысы төмен, көпбалалы отбасыларға көмек көрсетеміз, – дейді Салтанат.

Дәулет ҚЫРДАН, Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы».

Құрметті тұтынушылар!

Өкінішке орай, жылдан жылға, әр жана жылғы маусымнан да, қала мен облыс тұрғындарының үйлерінде газ құрылғылары пайдалану кезінде немесе мұржалардың жарамсыз болуы салдарынан жазатайым оқиғалар орын алуға. Көптеген жағдайда, бұл газ құрылғыларының дұрыс дайындалмағандығынан, мұржалар мен желдеткіш жүйесінің тиісті түрде тексерілмегендігінен болады. Көбінесе адамдар мұндай оқиғалардың қандай салдарларға әкелуіне соқтыратынын және үйдегі жылды жүйесінің жай-күйі үшін негізгі жауапкершілікті өздері алатындығын түсінбейді.

Сонымен бірге, әр үй иесі газ құрылғыларының кәсіптік және дұрыс жұмыс істеуін қадағалап, мұржаға және желдетуге газдың жану өнімдерінің бөлінуін тексеру керек. Пайдалану ережелері оша көп емес, бірақ олар өмір үшін маңызды:

Ең бастысы, газ құбырлары мен газ қондырғыларын тексеру және жөндеу үшін газ қызметінің жұмысшыларын қызметтік куәліктері ұсынғаннан кейін ғана тұрғын үйге кіруге міндетті түрде рұқсат етініз.

Газ пешін пайдаланбастан бұрын, мұржада тартымның бар-жоқтығын, сорып алуды реттейтін жапқыштың толығымен ашық екендігін тексеріңіз және мұржаның «қалтасын» мезгіл-мезгіл тазалаңыз (мұржада құрм жинау үшін техникалық саңылау). Газды қолданып болғаннан кейін газ құрылғыларындағы барлық шудан мектерді жабыңыз, ал егер асуде сіз газ баллондарын қолдансаңыз, олардың қақпақшаларын жабыңыз.

Егер қандай да бір ақау анықталған жағдайда, бөлмеде газдың иісі пайда болса, газ беру кенеттен тоқтаған кезде, газ құрылғыларындағы жанарғысының шүмектерін дереу жауып, бөлмені желдетіңіз және бәрін белгілі 104 нөмірі бойынша апаптық газ қызметіне қоңырау шалыңыз.

Бұл ретте: от жапқыш, темекі шекпеңіз, электр жарығы мен электр құрылғыларын қоспаңыз және өшірмеңіз, электр қондырғыларын қоспаңыз, өйткені электр құрылғылары қосқан кезде ұшқан пайда болуы мүмкін.

Үйіңіздегі мұржалар мен желдету каналдарының күйін және газ құрылғыларының жарамдылығын тексергеніңіз көп болды ма? Газ жабдықтаушы техникалық қызмет көрсету туралы келісім-шартпен уақытылы жасалып, мұржалар мен желдету каналдарын білікті қызмет көрсететін ұйыммен тексеру жасауын үйіңіздің тұрғын үй-коммуналдық қызметі арқылы бақылап отырыңыз.

Газ жабдықтаушы жұмыс істеу кезінде төмендегілер қатаң ТҰЙЫМ САЛЫНАДЫ және ҚАУІПТІ, ал кейбір жағдайларда заңмен жауапқа тартылады:

1. Үйді (пәтер, бақша үйі) рұқсатсыз газдандыру, өз бетінше газ құрылғыларының, баллондардың және ілмекті арматуралардың (шүмектермен клапандар) орнын өзгерту, ауыстыру және жөндеуге болмайды.

2. Газ құрылғылардың құрылымына өзгерістер енгізуге, түтін және желдету жүйелерінің құрылғыларын өзгертуге; желдеткіш каналдарын бітеуге, түтіндіктерді тазартуға арналған «қалталар» мен люктерді бітеуге және жауып тастауға;

3. Егер газдандырылған пештер мен мұржаларда қалау, сылақ (жарықтар пайда болса) тырын, мұржада тартымның бар-жоқтығын, сорып алуды реттейтін жапқыштың толығымен ашық екендігін тексеріңіз және мұржаның «қалтасын» мезгіл-мезгіл тазалаңыз (мұржада құрм жинау үшін техникалық саңылау). Газды қолданып болғаннан кейін газ құрылғыларындағы барлық шудан мектерді жабыңыз, ал егер асуде сіз газ баллондарын қолдансаңыз, олардың қақпақшаларын жабыңыз.

4. Газ құрылғыларын мұржалар мен желдеткіш каналдарында, ванна бөлмелері есіктерінің саңылауларында тартым болмаған жағдайда қолдануға болмайды.

5. Жұмыс істеп тұрған газ құрылғыларын қараусыз қалдыруға (үздіксіз жұмыс істеуге арналған және осыған сәйкес автоматикасы бар құрылғылардан басқа).

6. Газ және газ құрылғыларын басқа мақсаттарға қолдануға болмайды. Газ плитасын үй-жайды жылыту үшін пайдалануға болмайды.

Құрметті достар, есінде болсын! Ауамен араласқан газ жарылғыш және өрт қауіп бар! Жаңу өнімдерінде газ толық емес жанағанда, адам ағзасына улы әсер ететін ісі газы пайда болады!

Газды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзсаңыз, сіз өзіңізге ғана емес, басқаларға да қауіп төндіресіз.

Газ құрылғылары немесе жылдыту пештері орнатылған бөлмелерді түнгі уақытта ашық терезелерді немесе терезелердің жел көздерінісіз қалдырмаңыз, газ қондырғысы орнатылған бөлмелерде ұйықтау және демалуға болмайды!

Мұқият болыңыз өзіңіз және отбасыңыз үшін қауіпсіздік шараларын есте сақтаңыз.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚОҒ әкімшілігі.

1. Үйді (пәтер, бақша үйі) рұқсатсыз газдандыру, өз бетінше газ құрылғыларының, баллондардың және ілмекті арматуралардың (шүмектермен клапандар) орнын өзгерту, ауыстыру және жөндеуге болмайды.

2. Газ құрылғылардың құрылымына өзгерістер енгізуге, түтін және желдету жүйелерінің құрылғыларын өзгертуге; желдеткіш каналдарын бітеуге, түтіндіктерді тазартуға арналған «қалталар» мен люктерді бітеуге және жауып тастауға;

3. Егер газдандырылған пештер мен мұржаларда қалау, сылақ (жарықтар пайда болса) тырын, мұржада тартымның бар-жоқтығын, сорып алуды реттейтін жапқыштың толығымен ашық екендігін тексеріңіз және мұржаның «қалтасын» мезгіл-мезгіл тазалаңыз (мұржада құрм жинау үшін техникалық саңылау). Газды қолданып болғаннан кейін газ құрылғыларындағы барлық шудан мектерді жабыңыз, ал егер асуде сіз газ баллондарын қолдансаңыз, олардың қақпақшаларын жабыңыз.

4. Газ құрылғыларын мұржалар мен желдеткіш каналдарында, ванна бөлмелері есіктерінің саңылауларында тартым болмаған жағдайда қолдануға болмайды.

5. Жұмыс істеп тұрған газ құрылғыларын қараусыз қалдыруға (үздіксіз жұмыс істеуге арналған және осыған сәйкес автоматикасы бар құрылғылардан басқа).

6. Газ және газ құрылғыларын басқа мақсаттарға қолдануға болмайды. Газ плитасын үй-жайды жылыту үшін пайдалануға болмайды.

Құрметті достар, есінде болсын! Ауамен араласқан газ жарылғыш және өрт қауіп бар! Жаңу өнімдерінде газ толық емес жанағанда, адам ағзасына улы әсер ететін ісі газы пайда болады!

Газды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзсаңыз, сіз өзіңізге ғана емес, басқаларға да қауіп төндіресіз.

Газ құрылғылары немесе жылдыту пештері орнатылған бөлмелерді түнгі уақытта ашық терезелерді немесе терезелердің жел көздерінісіз қалдырмаңыз, газ қондырғысы орнатылған бөлмелерде ұйықтау және демалуға болмайды!

Мұқият болыңыз өзіңіз және отбасыңыз үшін қауіпсіздік шараларын есте сақтаңыз.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚОҒ әкімшілігі.

1. Үйді (пәтер, бақша үйі) рұқсатсыз газдандыру, өз бетінше газ құрылғыларының, баллондардың және ілмекті арматуралардың (шүмектермен клапандар) орнын өзгерту, ауыстыру және жөндеуге болмайды.

2. Газ құрылғылардың құрылымына өзгерістер енгізуге, түтін және желдету жүйелерінің құрылғыларын өзгертуге; желдеткіш каналдарын бітеуге, түтіндіктерді тазартуға арналған «қалталар» мен люктерді бітеуге және жауып тастауға;

3. Егер газдандырылған пештер мен мұржаларда қалау, сылақ (жарықтар пайда болса) тырын, мұржада тартымның бар-жоқтығын, сорып алуды реттейтін жапқыштың толығымен ашық екендігін тексеріңіз және мұржаның «қалтасын» мезгіл-мезгіл тазалаңыз (мұржада құрм жинау үшін техникалық саңылау). Газды қолданып болғаннан кейін газ құрылғыларындағы барлық шудан мектерді жабыңыз, ал егер асуде сіз газ баллондарын қолдансаңыз, олардың қақпақшаларын жабыңыз.

4. Газ құрылғыларын мұржалар мен желдеткіш каналдарында, ванна бөлмелері есіктерінің саңылауларында тартым болмаған жағдайда қолдануға болмайды.

5. Жұмыс істеп тұрған газ құрылғыларын қараусыз қалдыруға (үздіксіз жұмыс істеуге арналған және осыған сәйкес автоматикасы бар құрылғылардан басқа).

6. Газ және газ құрылғыларын басқа мақсаттарға қолдануға болмайды. Газ плитасын үй-жайды жылыту үшін пайдалануға болмайды.

Құрметті достар, есінде болсын! Ауамен араласқан газ жарылғыш және өрт қауіп бар! Жаңу өнімдерінде газ толық емес жанағанда, адам ағзасына улы әсер ететін ісі газы пайда болады!

Газды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзсаңыз, сіз өзіңізге ғана емес, басқаларға да қауіп төндіресіз.

Газ құрылғылары немесе жылдыту пештері орнатылған бөлмелерді түнгі уақытта ашық терезелерді немесе терезелердің жел көздерінісіз қалдырмаңыз, газ қондырғысы орнатылған бөлмелерде ұйықтау және демалуға болмайды!

Мұқият болыңыз өзіңіз және отбасыңыз үшін қауіпсіздік шараларын есте сақтаңыз.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚОҒ әкімшілігі.

1. Үйді (пәтер, бақша үйі) рұқсатсыз газдандыру, өз бетінше газ құрылғыларының, баллондардың және ілмекті арматуралардың (шүмектермен клапандар) орнын өзгерту, ауыстыру және жөндеуге болмайды.

2. Газ құрылғылардың құрылымына өзгерістер енгізуге, түтін және желдету жүйелерінің құрылғыларын өзгертуге; желдеткіш каналдарын бітеуге, түтіндіктерді тазартуға арналған «қалталар» мен люктерді бітеуге және жауып тастауға;

3. Егер газдандырылған пештер мен мұржаларда қалау, сылақ (жарықтар пайда болса) тырын, мұржада тартымның бар-жоқтығын, сорып алуды реттейтін жапқыштың толығымен ашық екендігін тексеріңіз және мұржаның «қалтасын» мезгіл-мезгіл тазалаңыз (мұржада құрм жинау үшін техникалық саңылау). Газды қолданып болғаннан кейін газ құрылғыларындағы барлық шудан мектерді жабыңыз, ал егер асуде сіз газ баллондарын қолдансаңыз, олардың қақпақшаларын жабыңыз.

4. Газ құрылғыларын мұржалар мен желдеткіш каналдарында, ванна бөлмелері есіктерінің саңылауларында тартым болмаған жағдайда қолдануға болмайды.

5. Жұмыс істеп тұрған газ құрылғыларын қараусыз қалдыруға (үздіксіз жұмыс істеуге арналған және осыған сәйкес автоматикасы бар құрылғылардан басқа).

6. Газ және газ құрылғыларын басқа мақсаттарға қолдануға болмайды. Газ плитасын үй-жайды жылыту үшін пайдалануға болмайды.

Құрметті достар, есінде болсын! Ауамен араласқан газ жарылғыш және өрт қауіп бар! Жаңу өнімдерінде газ толық емес жанағанда, адам ағзасына улы әсер ететін ісі газы пайда болады!

Газды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзсаңыз, сіз өзіңізге ғана емес, басқаларға да қауіп төндіресіз.

Газ құрылғылары немесе жылдыту пештері орнатылған бөлмелерді түнгі уақытта ашық терезелерді немесе терезелердің жел көздерінісіз қалдырмаңыз, газ қондырғысы орнатылған бөлмелерде ұйықтау және демалуға болмайды!

Мұқият болыңыз өзіңіз және отбасыңыз үшін қауіпсіздік шараларын есте сақтаңыз.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚОҒ әкімшілігі.

1. Үйді (пәтер, бақша үйі) рұқсатсыз газдандыру, өз бетінше газ құрылғыларының, баллондардың және ілмекті арматуралардың (шүмектермен клапандар) орнын өзгерту, ауыстыру және жөндеуге болмайды.

2. Газ құрылғылардың құрылымына өзгерістер енгізуге, түтін және желдету жүйелерінің құрылғыларын өзгертуге; желдеткіш каналдарын бітеуге, түтін

